



**ҚР ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТІРЛІГІ
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК**

**Агрометеорологиялық мониторинг және болжамдау
департаментінің
Агрометеорологиялық болжамдау басқармасы**

***2022 жылы Қазақстан аймағында дәнді дақылдарды
жинау науқанының агрометеорологиялық
жағдайларының
НАҚТЫ БОЛЖАМЫ***

Алдын ала жасалған есептеулерге сәйкес, бидайдың кебуі (онкүндікте жауын-шашын 1-3 күн бойы) қыркүйектің *бірінші онкүндігінде* Батыс Қазақстан облысында орташа есеппен сабағымен тұрған егістерде 8 тәулікте, тәулігіне 12-13% жылдамдықпен өтеді, десте шабулары 4-5 тәулікте, тәулігіне 23% жылдамдықпен өтеді (*1-кесте*).

Ақтөбе облысында сабағымен тұрған егістерде кебу жылдамдығы 12% құрайды, кезең ұзақтығы 7-8 күн, орамдарда 3-4 тәулік ішінде 25-26%.

Ақмола облысында қыркүйектің бірінші онкүндігінде сабағымен тұрған егістердің кебу жылдамдығы тәулігіне 10-11%, кезеңнің ұзақтығы 9-10 күн, десте шабуларының кебу жылдамдығы 5-6 күн ішінде 16-17% болады деп күтілуде.

Қыркүйектің *екінші онкүндігінде* Солтүстік Қазақстан облысында сабағымен тұрған егістердің кебу жылдамдығы 13-14 күн бойы 7-8% жылдамдықпен, десте шабуларының кебуі 11-12 күн бойы тәулігіне 9-10% жылдамдықпен өтеді.

Қарағанды облысында сабағымен тұрған егістердің кебу жылдамдығы ұзақтығы 10 күнге дейінгі кезеңде тәулігіне 9-10%, десте шабуларының кебу жылдамдығы 6-7 күн ішінде 15% болады деп болжануда.

Қыркүйектің *үшінші онкүндігінде* Қостанай облысында сабағымен тұрған егістердің кебу жылдамдығы ұзақтығы 11-12 күнде тәулігіне 8-9%, десте шабуларының кебу жылдамдығы 7-9 күн ішінде 11-13% құрайды.

Жауын-шашын түскен кезде астықтың бастапқы ылғалдылығына түзету енгізіледі: 1 мм жауын-шашын астықтың ылғалдылығын 1% - ға арттырады.

1-кесте

2022 жылдың қыркүйегінде астықтың кондициялық деңгейге жету болжамының сипаттамалары

Аудан	Ауа ылғалдылығының дефициті, Мбар	Кебу жылдамдығы (% күніне)		Кезеңнің ұзақтығы, күн	
		сабақта	десте шабу-ларында	сабақта	десте шабу-ларында
қыркүйектің 1-онкүндігі					
Шығыс Қазақстан	13,4	12,5	23,0	8,0	4,4
Ақтөбе (солт)	14,5	12,0	25,6	7,5	3,9
Ақмола	9,2	10,4	16,9	9,6	5,9
Қостанай (солт)	9,7	11,0	18,8	9,1	5,3
Қостанай (оңтүст)	11,1	11,5	19,8	8,7	5,0
Солтүстік Қазақстан	7,2	9,1	13,2	11,0	7,7
Павлодар	8,8	10,4	16,9	9,6	5,9
Қарағанды (солт)	10,3	11,0	18,8	9,1	5,3
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	10,3	11,0	18,8	9,1	5,3
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	11,8	12,0	20,8	8,3	4,8
қыркүйектің 2-онкүндігі					
Шығыс Қазақстан	9,4	10,4	16,9	9,6	5,9
Ақтөбе (солт)	10,7	11,5	19,8	8,7	5,0
Ақмола	6,9	9,1	13,2	11,0	7,7
Қостанай (солт)	7,1	9,1	13,2	11,0	7,7
Қостанай (оңтүст)	8,1	9,8	15,1	10,2	6,6
Солтүстік Қазақстан	5,3	7,7	9,3	13,1	11,3
Павлодар	6,9	9,1	13,2	11,0	7,7
Қарағанды (солт)	8,1	9,8	15,1	10,2	6,6
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	8,6	10,4	16,9	9,6	5,9
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	9,9	11,0	18,8	9,1	5,3
қыркүйектің 3-онкүндігі					
Шығыс Қазақстан	8,2	9,8	15,1	10,2	6,6
Ақтөбе (солт)	9,0	10,4	16,9	9,6	5,9
Ақмола	5,5	8,4	11,3	11,8	8,8
Қостанай (солт)	5,9	8,4	11,3	11,8	8,8
Қостанай (оңтүст)	6,8	9,1	13,2	11,0	7,7
Солтүстік Қазақстан	4,4	7,0	7,4	14,5	13,5
Павлодар	5,4	10,4	16,9	9,6	5,9
Қарағанды (солт)	6,2	8,4	11,3	11,8	8,8
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	6,6	9,1	13,2	11,0	7,7
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	7,6	9,8	15,1	10,2	6,6

Ауаның ылғалдылығы сабан мен дәндегі ылғалдың мөлшеріне үлкен әсер етеді, бұл өз кезегінде егін сапасы мен жинайтын машиналардың тиімділігіне әсер етеді.

Болжанған агрометеорологиялық жағдайларға сәйкес (ауа ылғалдылығының тапшылығы бойынша) қыркүйектің *бірінші онкүндігінде* батыс облыстарда астықтың ылғалдылығы 12-13 %, сабанның ылғалдылығы 14-16% шамасында болады деп күтілуде, бұл жақсы көрсеткіш болып табылады (2-кесте). Тиісінше, бастыру кезінде астық шығыны аз болады.

2-кесте

2022 жылғы қыркүйекте астық пен сабанның күтілетін ылғалдылығы

Облысы	Ауа ылғалдылығының дефициті, мбар	Ылғалдылығы (%)	
		дән	сабан
қыркүйектің 1-онкүндігі			
Батыс Қазақстан	13,4	13,4	16,0
Ақтөбе (солт)	14,5	12,6	14,8
Ақмола	9,2	14,6	19,2
Қостанай (солт)	9,7	14,2	19,2
Қостанай (оңтүст)	11,1	13,7	17,8
Солтүстік Қазақстан	7,2	16,0	22,3
Павлодар	8,8	14,6	19,2
Қарағанды (солт)	10,3	14,2	19,2
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	10,3	14,2	19,2
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	11,8	13,4	17,8
қыркүйектің 2-онкүндігі			
Батыс Қазақстан	9,4	14,6	19,2
Ақтөбе (солт)	10,7	13,7	17,8
Ақмола	6,9	13,7	17,8
Қостанай (солт)	7,1	16,0	22,3
Қостанай (оңтүст)	8,1	15,3	22,3
Солтүстік Қазақстан	5,3	18,0	25,0
Павлодар	6,9	16,0	22,3
Қарағанды (солт)	8,1	15,3	22,3
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	8,6	14,9	19,2
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	9,9	14,2	19,2
қыркүйектің 3-онкүндігі			
Батыс Қазақстан	8,2	12,2	14,8
Ақтөбе (солт)	9,0	12,7	16,0
Ақмола	5,5	14,6	19,2
Қостанай (солт)	5,9	14,2	19,2

Қостанай (оңтүст)	6,8	13,4	17,8
Солтүстік Қазақстан	4,4	16,0	22,3
Павлодар	5,4	14,6	19,2
Қарағанды (солт)	6,2	13,0	16,0
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	6,6	13,7	17,8
Шығыс Қазақстан (оңтүстік)	7,6	13,0	16,0

Ақмола облысында қыркүйектің *бірінші онкүндігінде* астықтың ылғалдылығы 14-15 %, сабанның ылғалдылығы 17-18% шамасында болады деп күтілуде, бұл жақсы көрсеткіш болып табылады (2-кесте).

Солтүстік Қазақстан облысында қыркүйектің *екінші онкүндігінде* астықтың ылғалдылығы 18%, сабанның ылғалдылығы 25% шамасында болады деп күтілуде, бұл көрсеткіш жаман емес (2-кесте).

Қыркүйектің *үшінші онкүндігінде* Қостанай облысында астықтың ылғалдылығы 13-14 %, сабанның ылғалдылығы 17-19% шамасында күтіледі, бұл да егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін жақсы көрсеткіш болып табылады (2-кесте).

Ауа ылғалдылығының жетіспеушілігі 8 Мбар жоғары болған кезде, дәнді дақылдарды жинайтын комбайндар әдетте жоғары өнімділікпен жұмыс істейді, өйткені астық пен сабанның ылғалдылығы шамалы болады. Ауа ылғалдылығының жетіспеушілігі 3 Мбар-дан 8 Мбар-ға дейін жеткен кезде алынатын массаның ылғалдылығы артып, комбайн өнімділігі төмендейді. Мұндай жағдайда комбайндардың жұмыс істеу шарттары қанағаттанарлық деп бағаланады. Ауа ылғалдылығының жетіспеушілігі 3 Мбар-дан төмен болған кезде комбайндардың жұмысы қиындайды, астықтың үлкен шығыны байқалады.

Қазақстанның астық егетін аймағының аумағында жақсы, орташа және нашар агрометеорологиялық жағдайларда комбайн жұмысының өнімділігін бағалау 3-кестеде келтірілген.

Қыркүйектің *бірінші онкүндігінде* Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында ауа ылғалдылығының орташа тапшылығы 13-15 Мбар-ға жеткен кезде комбайнның жұмыс істеуі үшін жақсы жағдай тәулігіне 15-17 сағат, орташа жағдай 7-9 сағат, шартты түрде жақсы жағдай 20-21 сағат бойы күтіледі.

Ақмола облысында комбайнның жұмыс істеуі үшін жақсы жағдай тәулігіне 12 сағат, орташа жағдай – 9 сағат бойы күтіледі, оның ішінде тәулігіне 16-17 сағатты шартты түрде жақсы деп санауға болады.

Қыркүйектің *екінші онкүндігінде* Шығыс Қазақстан облысында ауа ылғалдылығының орташа тапшылығы 8-10 Мбар-ға жеткен кезде комбайнның жұмыс істеуі үшін жақсы жағдай тәулігіне 12-13 сағат, орташа жағдай - 9-11 сағат, нашар жағдай 3 сағат және шартты түрде жақсы жағдай - 16-19 сағат бойы күтіледі.

Қыркүйектің *үшінші онкүндігінде* Солтүстік Қазақстан облысында ауа ылғалдылығының орташа тапшылығы 4,4 Мбар-ға жеткен кезде комбайнның жұмыс істеуі үшін жақсы жағдай тәулігіне 3-4 сағат, орташа жағдай - 9 сағат және нашар жағдай – 11-12 сағат бойы күтіледі, оның ішінде 8 сағатты шартты түрде жақсы деп санауға болады.

Қостанай облысында комбайнның жұмыс істеуі үшін орташа алғанда ауа ылғалдылығының тапшылығы 5-7 Мбар-ға жеткен кезде қыркүйектің үшінші онкүндігінде жақсы жағдай тәулігіне 8-10 сағат, орташа жағдай - 7 сағат, нашар жағдай – 7-9 сағат және шартты түрде жақсы жағдай 12-14 сағат бойы күтіледі.

3-кесте

2022 жылы қыркүйекте егін жинау кезеңінде комбайнның жұмыс істеуі үшін метеорологиялық жағдай жақсы, орташа және нашар болатын тәулік ішіндегі сағаттар саны

Облысы	Ауа ылғалдылығының дефициті, Мбар	Сағаттардың саны			
		жақсы	орташа	нашар	шартты түрде жағдай
қыркүйектің 1-онкүндігі					
Батыс Қазақстан	13,4	15,5	8,5	0,0	20,0
Ақтөбе (солт)	14,5	17,0	7,0	0,0	20,6
Ақмола	9,2	12,0	9,0	3,0	16,5
Қостанай (солт)	9,7	13,0	11,0	0,0	18,5
Қостанай (оңтүст)	11,1	11,0	8,0	5,0	15,0
Солтүстік Қазақстан	7,2	10,0	7,0	7,0	13,5
Павлодар	8,8	12,0	9,0	3,0	16,5
Қарағанды (солт)	10,3	13,0	11,0	0,0	18,5
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	10,3	13,0	11,0	0,0	18,5
Шығыс Қазақстан (солтүстік)	11,8	15,0	9,0	0,0	19,5
қыркүйектің 2-онкүндігі					
Батыс Қазақстан	9,4	12,0	9,0	3,0	16,5
Ақтөбе (солт)	10,7	11,0	8,0	5,0	15,0
Ақмола	6,9	10,0	7,0	7,0	13,5
Қостанай (солт)	7,1	10,0	7,0	7,0	13,5
Қостанай (оңтүст)	8,1	11,0	8,0	5,0	15,0
Солтүстік Қазақстан	5,3	6,5	7,5	10,0	10,2
Павлодар	6,9	10,0	7,0	7,0	13,5
Қарағанды (солт)	8,1	11,0	8,0	5,0	15,0
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	8,6	12,0	9,0	3,0	16,5

Шығыс Қазақстан (солтүстік)	9,9	13,0	11,0	0,0	18,5
қыркүйектің 3-онкүндігі					
Батыс Қазақстан	8,2	11,0	8,0	5,0	15,0
Ақтөбе (солт)	9,0	12,0	9,0	3,0	16,5
Ақмола	5,5	8,5	7,0	8,5	12,0
Қостанай (солт)	5,9	8,5	7,0	8,5	12,0
Қостанай (оңтүст)	6,8	10,0	7,0	7,0	13,5
Солтүстік Қазақстан	4,4	3,5	9,0	11,5	8,0
Павлодар	5,4	6,5	7,5	10,0	10,2
Қарағанды (солт)	6,2	8,5	7,0	8,5	12,0
Шығыс Қазақстан (солтүстік шығыс)	6,6	10,0	7,0	7,0	13,5
Шығыс Қазақстан (солтүстік)	7,6	11,0	8,0	5,0	15,0

Жалпы, қыркүйек айында агрометеорологиялық жағдайлар астықтың пісіп жетілуіне және кондициялық жағдайға жетуіне, сондай-ақ егін жинау кезеңінде комбайнның жұмысына қолайлы болады деп күтілуде.

Бұл болжам консультативтік болып табылады, өйткені болжамның дұрыстығы айлық ауа райы болжамына байланысты болады.

АМБД директоры

Н. Лоенко

*Болжам Агрометеорологиялық мониторинг және болжамдау
департаментінің Агрометеорологиялық болжамдау басқармасында жасалды
Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел 11/1 көшесі, тел. 8 (7172) 798354,
E-mail: uap@meteo.kz*